ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 10 желтоқсан №7119-25-00-2/13344 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Libra-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Жеке кәсіпкер «Мешітбай» басшысы Орынбасар Нұрланқызы Мешітбай

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІМІ:</u>

2025 жылдың 22 шілдеде «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамы (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Мешітбай» басшысы Орынбасар Нұрланқызы Мешітбай (өнім беруші) арасында №514 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер 3В/1D қолғаптары бар диспенсерлерге арналған бекіту жүйесіу жеткізу туралы міндеттеме алған. Өнім беруші шарт бойынша жалпы сомасы 900 000 теңгеге тапсырыс берушіден өтінімді алған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

2025 жылғы 31 шілдеде тапсырыс беруші тауарды жеткізу туралы өтінім жолдаған, атап айтқанда 2025 жылғы 20 тамызға дейін.

Алайда шарт талаптары мүлдем орындалмаған, осыған байланысты тараптар арасында аталған шарт біржақты 2025 жылғы 30 қыркүйекте бұзылған.

2025 жылдың 22 шілдеде «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамы (тапсырыс беруші) мен «Libra-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (өнім беруші) арасында №537 мемлекттік сатып алу туралы шарт жасалған, онда жауапкер OPMI pentero 900 операциялық микроскопы үшін көмекшіге арналған стерео бақылау жүйесін жеткізу туралы

міндеттеме алған. Өнім беруші шарт бойынша жалпы сомасы 14 672 000 теңгеге тапсырыс берушіден өтінімді алған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенген.

2025 жылғы 15 тамызда тапсырыс беруші тауарды жеткізу туралы өтінім жолдаған, атап айтқанда 2025 жылғы 04 қыркүйекке дейін.

Алайда шарт талаптары мүлдем орындалмаған, осыған байланысты тараптар арасында аталған шарт біржақты 2025 жылғы 30 қыркүйекте бұзылған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасы бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың 3.1-тармағы 1)-тармақшасына сай, өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 17-бабының 9-тармағына сай, тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда шарт орындалды деп есептеледі.

Жауапкерлер әлеуетті өнім беруші ретінде шарт талаптарын орындау үшін жауапкершілікті өздеріне толық алатындығы туралы келісімін берген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Жауапкер «Libra-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қою арызына қарсы пікір түсті, онда тапла қою арызы бойынша түпкілікті мерзімнің өтіп кеткендігін көрсеткен, сондай-ақ аталған азаматтық іс күрделі санатқа жатқызып, жалпы талап қою іс жүргізу тәртібімен қарау қажеттігін ескерген, Сонымен қатар, талап қоюшыға бірнеше хат жолдап, онда өнімнің жеткізілуі уақытша тоқтап қалғаны жауапкердің тарапынан емес, объективті себептерге — кедендік рәсімдердің ұзақтығы мен тауардың зияткерлік меншік объектілерінің тізіліміне енгізілуіне байланысты екені түсіндірілген. Сонымен қатар, ресми дистрибьютор — «Карл Цейс Казахстан» компаниясы тарапынан көмектен бас тартылғаны көрсеткен.

Азаматтық істегі дәлелдемелерді, талап қою арызын және жауапкердің қарсы пікірін зерделеп, төмендегі тұжырымға келді.

Жауапкер «Libra-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қарсы пікірінде көрсетілген фактілер негізге алынбайды, себебі іс бойынша

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 23.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 06.03.2026, судья Жетибаев Ж. К., 13.03.2026
7119-25-3-1/13405

түпкілікті мерсім сақталған, атап айтқанда 2025 жылғы 30 қыркүйекте шарт біржақты бұзылған, ал талап қою арызы сотқа 22 қазанда түскен. Сондай-ақ оңайлатылған іс жүргізуден жалпы тәртіпке көшуге еш негіз жоқ, онда сотқа қосымша зерделенетін дәлелдемелер ұсынбады.

Онымен қоса, жауапкердің уәжінде басқа мекеменің кінәсінен шарт талаптары орындалмағандығын және кедендік рәсімдердің ұзақтығын ескерген, алайда аталған фактілер қанағаттандырудан бас тартуға негіз болып табылмайды, себебі шарт талаптары бойынша жауапкер міндеттеме алған, атап айтқанда шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындауға міндеттенген. Осыған байланысты жауапкердің уәждері негізсіз болып табылады.

Тараптар арасындағы шарт тапсырыс берушімен біржақты тәртіппен 2025 жылғы 30 қыркүйекте бұзылған. Біржақты тәртіппен бұзылған шарттар жауапкерлермен дауланбады.

Ескеретін жайт, шартта көрсетілген тауар бойынша конкурс қайта өткізілді, онда басқа мекеме жеңімпаз атанып, онымен тапсырыс берушіге шартта көрсетілген тауар жеткізілген.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерлерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сәйкес, мемлекеттік баж 1 966 теңге мемлекет пайдасына жауапкерлерден өндіріліп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ұлттық нейрохирургия орталығы» акционерлік қоғамының жауапкерлер «Libra-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, жеке кәсіпкер «Мешітбай» басшысы Орынбасар Нұрланқызы Мешітбайды мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Libra-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Libra-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік кіріске мемлекеттік баж 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) мөлшерінде өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мешітбай» басшысы Орынбасар Нұрланқызы Мешітбайды мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын

Жауапкер жеке кәсіпкер «Мешітбай» басшысы Орынбасар Нұрланқызы Мешітбайдан мемлекеттік кіріске мемлекеттік баж 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) мөлшерінде өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 23.12.2025
Заңды күшіне енген күні: 06.03.2026, судья Жетибаев Ж. К., 13.03.2026
Сот өндірісі
7119-25-3-1/13405

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Ж.К.Жетібаев

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 23.12.2025

Заңды күшіне енген күні: 06.03.2026, судья Жетибаев Ж. К., 13.03.2026

7119-25-3-1/13405